



Yerzhan Tatishev
Foundation

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2007



Қордың МИССИЯСЫ

Халықаралық деңгейдегі жоғары білікті қаржылық элитаны қалыптастыру арқылы Қазақстанның тұрақты ұзақ мерзімдік дамуына ықпал ету

Мазмұндама

Қордың миссиясы	2
Құрылу тарихы	6
Мақсаты мен міндеттері	6
Құндылықтары мен қағидалары	7
Негізгі жетістіктері	7
Білім беру гранттары	9
Мектеп оқушыларына арналған стипендиялық бағдарлама	11
Үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар бағдарламасы	12
Қаржыландырылған жобалар	14
Дәрістер мен семинарлар	15
Қаржылай шығындар құрылымы	16
Ержан Тәтішев Қорының стипендиаттары	17
Қордың қызметкерлері	20
Қордың Қамқоршылық Кеңесі	21

АЛҒЫ
СӨЗ



Қымбатты достар,

Сіздер қолдарыңызда «Ержан Тәтішев Қоры» Қоғамдық Қорының 2007 жылдағы іс-әрекеттері жөніндегі есеп қорытындысын ұстап отырсыздар. Біз мақтанышпен және сіздерге деген құрметпен, қайырымдыдық және әлеуметтік бағдарламаларымыздың алғашқы нәтижелерін ұсынып отырмыз. Біздің Қор ТұранӘлем Банк басқармасының алғашқы төрағасы болған, қарапайым отбасынан шыққан, Мәскеуде білім алған, өзінің аз уақыт өмірінде кәсіби іс-әрекет ету сатысында елеулі жетістіктерге жеткен Ержан Нұрлұдайұлы Тәтішев атымен аталады. Сондықтан да біздің негізгі мақсатымыз дарынды, қабілетті, сапалы білім алуға ұмтылатын, биік жетістіктерге жетуге, еліміздің экономикасын дамытуға ықпал етуге ниеттенген жастарды қолдауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру. Біз қоғамның болашақ көшбасшылары, Қазақстанның жалаугері, жоғары кәсіпті мамандардың қауымдастығының теңдес мүшелерін өсіруге ат салысып отырмыз. Біздің іс-әрекеттеріміз үлкен қала немесе кішкентай ауылдан шыққан жастарға кәсібилік мәнсапқа жету жолында мүмкіндіктер беруге бағытталған. 2007 жылы алғаш рет Қазақстанның үлгілі жоғары оқу орындарының студенттері атанған алты стипендиаттар таңдалынып алынды. Стипендиат атанған жастарға Қор өз атынан оқуларын аяқтағанға дейін қолдау көрсетеді. Бұл қолдау тек оқу төлемін төлеумен және стипендия берумен шектеліп қана қоймай, олардың кәсіби, шығармашылық және көшбасшылық потенциалдарын көтермелеуге де ықпал етеді.

Қор өз атынан қазақстандық экономиканы қалыптастыруға және қаржылай жүйені дамытуға өз үлесін қосады. Қордың шақыруымен біздің елімізге әлемдік деңгейдегі қаржы және экономика саласындағы дәріс жинақтарымен атақты профессорлар келіп кетті. Біздің ойымызша, олардың қазақстандық мамандарға берген идеялары, ой – пікірлері, инновациялық технологиялары болашақта әлемдік қауымдастықта өз орнымызды табуға көмектесетін ықпалдың бірі деп білеміз. Қордың ұжымы елді-мекендердегі аз қамтамасыздандырылған әлеуметтік әлсіз қабатынан шыққан топтарды қолдау бойынша жоғары миссияны да жүзеге асырып отыр. Өтінім жобаларын таңдауда және қаржыландыруда Қордың қызметкерлері мүмкіндігі шектеулі адамдарға, ата-анасынан айырылған балаларға, әлеуметтік дәрежесі мен жағдайы төмен адамдарға, қарт адамдарға көмек көрсетуге бағытталған ұзақ мерзімді тұрақты бағдарламаларға ерекше көңіл аударып отыр. Қор 2007 жылы 8 918 462 теңге көлемінде он жобаларды талқылап, қаржылай қолдау көрсетті. Біздің ұжым Қор атынан атқарылатып отырған іс-әрекеттер болашақта біздің қоғамымыздың дамуына және оның гүлденуіне үлес қосып, ықпал ететіне нық сеніммен қарайды.



Марат Айтмағамбетов

Ержан Тәтішев Қорының Президенті

Құрылу тарихы

«Ержан Тәтiшев Қоры» Қоғамдық Қоры 2005 жылдың 10 ақпанында Тұран Әлем Банкі топ-менеджерлерінің және Тәтiшевтер отбасының бастамасы бойынша құрылды. Қор үкіметтік және коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қорды Қамқоршылық Кеңес басқарады, ол ұйымның стратегиялық мақсат және міндеттерін анықтайды. Қамқоршылық Кеңестің құрамына Қазақстанға және шетелге әйгілі ірі бизнес өкілдері, мемлекеттік және қоғам қайраткерлері кіреді. Қамқоршылық Кеңесті ТұранӘлем Банкінің директорлар Кеңесінің мүшесі Тәтiшев Ерлан Нүрілдәйімұлы басқарады.

Мақсаты мен міндеттері

- ◆ Жетекші әлемдік және қазақстандық академиялық мекемелерде білім алуға арналған гранттар мен стипендияларды ұсыну арқылы талантты және амбициозды жастардың қалыптасуына қолдау көрсету.
- ◆ Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін жоғары әлемдік деңгейде қалыптастыру мен дамытуға ықпал етуші білім беру бағдарламаларын және қаржылық-экономикалық және басқа да академиялық жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру.
- ◆ Халықты әлеуметтік қолдау, ғылымды, мәдениетті, денсаулық сақтау мен білім беруді дамыту саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес, табыс көзін көздемейтін ұйымдарға материалдық, қаржылық, техникалық және өзге де көмектерді көрсету.
- ◆ Кеңес беру қызметтерін ұсыну, ақпараттық жұмыс жүргізу және басқа да Қордың негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін қызметтерді атқару.
- ◆ Қазақстанда және көршілес елдерде филантропиялық мәдениетті және қағидаларды насихаттау.
- ◆ Әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда жоғары стандарттарды ендіру.

Құндылықтары мен қағидалары

- ◆ Адамзаттық потенциалды дамыту;
- ◆ Жобалардың экономикалық тиімділігі және тұрақтылығы;
- ◆ Үздік әлемдік тәжірбиені қолдану;
- ◆ Қор жұмысының саясаты мен процедураларының ашықтығы және анықтылығы;
- ◆ Шынайылық және әділеттік;
- ◆ Ақпаратқа тең құқылық;
- ◆ Әлеуметтік жауапкершілік.

Негізгі жетістіктері

Қордың басшылары мен ұжымы Қазақстандағы жеке меншік қорлардың арасында нөмірі 1-ші Қор және рольдік моделі болуды мақсат етуде. Бұл алға қойылып отырған мақсатқа жету үшін ұйымның имиджін көтермелеу, қайталанбас және танымал бейнені сипаттау өте қажет болды. Осындай мақсаттарды жүзеге асыру барысында жаңа логотиптің негізінде Ержан Тәтішевтің қол таңбасы пайдаланды. Қордың вебсайты ашылды, промоматериалдардың түпнұсқасы әзірленді, ақпараттық материалдар шығарылды, бұқаралық ақпараттық құралдарында Қордың іс-әрекеті жайлы бірқатар мақалалар жарыққа шықты. Қордың қызметкерлері қайырымдылық бағдарламаларды дамыту және оларды өндіру саласында әлемдік тәжірбиемен қаруланған. Өртүрлі бағдарламаларды басқару бойынша басшылық және ұйым іс-әрекеттерінің саясаты мен процедуралары өте тереңмен зерттелініп, әзірленген. Оның негізіне тиімділік, әділділік, шынайылық, анықтылық қағидаларына сүйенетін ең үздік халықаралық стандарттар мен тәжірбиелерді қамтитын құжаттар жататындығын ескерген жөн.

Халықаралық ұйымдарда жобаларды бағалау және оларға мониторинг жүргізу, тренингтік және кеңес берушілік жұмыстар, әлеуметтік бағдарламаларды өңдеу және жүзеге асыру жөнінде көп жылғы тәжірбиесі бар біздің қызметкерлер қор имиджі және мемлекетіміздің нығаяуына қызмет етуде.



Білім беру гранттары

Қордың миссиясына сәйкес, алғаш рет әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан дарынды жастарды білім жолында қолдау көрсету мақсатында бағдарлама жарияланып, жүзеге асырылды.

Элиталы жоғары білім беру мекемелерінде сапалы білім алу көптеген жастарымыз үшін тиесілі еместігі ешкімге жасырын емес. Бұндай жағдайлар дамушы мемлекеттерде де орын алған. Осындай жағдайды ескере келе, ірі бизнес саласының өкілдері әлеуметтік жауапкершілікті сезіне келе, дарынды студенттерге арнайы білім беру гранттарын әзірлеп, тағайындайтын Қор құруға бел буды.

Айқын мысал ретінде АҚШ-ғы Родс Қорын алсақ болады, оның стипендиаттары қазіргі кезде әлемге әйгілі саясаткерлер, ғалымдар, бизнес элитасының өкілдері және қоғамдық қайраткерлер. Аталған стипендиаттар болашақта мәнсапқа жетуде осы ерекше дәрежені мақтанышпен алып жүреді.

2007 жылы Ержан Тәтішев Қоры Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан келген байқаудың екі күрделі сараптау турларынан өткен алты стипендиаттарға еліміздің ең үздік жоғары оқу орындарына бакалавриат бағдарламасы бойынша білім беру гранттарына жолдама берді.

Байқаудың бірінші кезеңіне құжаттарды жинастыру және талдау жүйесі кірді. Екінші кезең жастардың көшбасшылық қабілеттерін, командамен бірігіп жұмыс жасау іскерлігін, өздігінен шешім қабылдау және жауапкершілік сияқты қасиеттерін анықтауға бағытталды. Осы аталған стипендияның иегерлері Давлидова Әмина, Белходжаев Нұрсұлтан, Бутина Сабина, Ахметжанов Жәлел, Жүсіпов Рашид және Шәкенова Эльмира (жеңімпаздар жайлы толығырақ ақпараттарды www.tatishevfoundation.kz сайтынан алуға болады).





Мектеп оқушыларына арналған СТИПЕНДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

«Ержан Тәтішев Қоры» Қоғамдық Қоры Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының №16 орта мектептің 8, 9, 10, 11 сынып оқушыларына Ержан Тәтішев атындағы стипендияны тағайындады. Бағдарламаның мақсаты – мектеп оқушыларын жаңа іскерлікті, дағдыларды иемденуге ынталандыруда қолдау көрсету және мадақтау, сонымен қатар осы мектептің түлегі болған Ержан Тәтішевтің атындағы стипендияны ұсыну арқылы оларды қоғамдық өмірге белсенді қатысуларына еліктіру.

Қамқоршылық Кеңес және Қор ұжымы мектеп оқушыларына арналған Ержан Тәтішев атындағы стипендия бағдарламасы оқушылардың өмірдегі белсенділік позициясын қалыптастыру және оқудағы ұмтылысын материалды және моральді тұрғыда мадақтаудың үздік мысалы болып табылатынын атап көрсетеді.

№16 орта мектептен білім алған Ержан Тәтішев осы аталған мектеп оқушыларына үлгі болып табылады. Оқушының академиялық үлгіміне және қаланың/мектептің/сыныптың қоғамдық өмірінде белсендігіне негізделінген байқау нәтижесі бойынша сегіз жеңімпаздар анықталды: Кеңесбектегі Алмас, Исхаков Негмет, Құлданова Ақерке, Пайзиметова Динахан, Джалмурзаева Қарлығаш, Вахитова Альбина, Турабаева Нурия, Алағуджаева Эльвира. Жеңімпаздарға ай сайынғы 5000 теңге көлеміндегі стипендия Қор атынан 2007-2008 оқу жылына тағайындалды.

Әділділік, шынайылық, бейтараптылық және нақтылық қағидасына сүйене отырып, стипендиаттарды таңдау байқауын өткізуде арнайы комиссия құрылды, оның құрамына мектептегі Қамқоршылық Кеңесінің мүшелері, ата – аналар комитетінің белсенділері мен мұғалімдер кірді. Аталған стипендия жыл сайын беріледі деген ұйғарым бар.



Үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар бағдарламасы

Қамқоршылық Кеңес және Қордың ұжымы халықтың аз қамтамасыздандырылған әлеуметтік әлсіз қабатынан шыққан топтарын қолдау бір сипатта болмау қажет деп есептейді. Бұл бағдарлама халықтың өзіндік мәселелерді шешуде қажетті ресурстарды үйлестіруге, өмір сүру жағдайларын жақсартуға, жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге, шығармашылық және ақыл-ойдық бір ізділік қабілеттерді анықтауда мүмкіндіктер беруге бағытталған ұзақ мерзімді тұрақты бағдарламаларды әзірлеуге және оны іске асыруға негізделінген болу қажет. Қор ата-анасынан айырылған балалармен, қарттармен, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен, яғни, халықтың аз қамтамасыздандырылған әлеуметтік әлсіз топтарымен жұмыс жасайтын және табыс көзін мақсат етпейтін үкіметтік емес ұйымдарды өздерінің серіктестері ретінде қабылдайды. Қордың қызметкерлері әртүрлі бағытта бейнеленген бағдарламаның және жобалардың мақсат, міндетін талқылау, олардың орындалуындағы тиімді стратегияны тағайындау бойынша жұмыс атқаратын ұйымдардың өкілдерімен үнемі кездесулер өткізіп тұрады. Сонымен қатар жобаның жүзеге асуына бағалау және мониторинг жүргізіледі. Қордың штаттық қызметкерлерімен орындалатын кеңес берушілік және оқытушылық іс-әрекеттері ұзақ мерзімді тұрақты нәтижелерге жетуге бағытталған.

«Бірлестік» Қоғамдық Қоры

Шығыс Қазақстан облысы (ШҚО) Қайнар ауылы Сапарғали Бегалин атындағы орта мектепті сумен қамтамасыз ету жобасы

Қайнар ауылының тұрғындары ауыл мектебін жылытуға арналған судың жоқтығынан туындаған көптеген қиыншылықтарды ұзақ уақыт бойы кешіріп келді. Қыс мезгілінде мектеп оқушыларына суды алыстан тасуға тура келді. «Бірлестік» Қоғамдық Қоры дайындаған Қайнар ауылы Сапарғали Бегалин атындағы орта мектепті сумен қамтамасыз ету бойынша жоба аясында құдық қазылып мектеп сумен қамтамасыз ететін болады. Негізгі жұмысты ауыл тұрғындарының ерікті түрде атқарғанын атап көрсеткен жөн. Бұл құдық мектепті сумен қамтамасыздандырумен қатар, ауылдың экологиялық жағдайын жақсартуға да ықпал етеді, атап айтсақ, ағаштарды, гүлдерді отырғызуда, мектеп ауласында жылыжай құруға мүмкіндіктері де болады. Сонымен қатар бұл жоба балаларды каникул кезінде оқушылардың бекітілген мектеп учаскісінде жұмыс жасауларына да көмектеседі. Ержан Тәтішев Қорының тарапынан қолдайтын және қаржыландырылатын бұл жоба 685 адамды қамтиды, оның 560-ын балалар құрайды.

«Қазақстан Республикасындағы Фтизиаторлар Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі

«Қазақстандағы туберкулезді тоқтату» жобасы

Қазақстанда туберкулез ауруы медицина және экономика, әлеуметтік салада әлі де болса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Елімізде 77 пайыздан аса туберкулезбен ауыратындар 20 жастан – 45 жас аралығындағы адамдар, яғни, халықтың еңбекке қабілетті адамдар қатары құрайды, бұл ауру сонымен қатар еліміздің әлеуметтік, экономикалық дамуына үлкен кедергілер келтіретін факторлардың бірі болып есептеледі.

Жыл сайын жиырма мыңнан аса адамдар туберкулезге алғаш шалдыққандардың санын өсіріп отыр. «Қазақстан Республикасындағы фтизиаторлар Ассоциациясы» Ержан Тәтішев Қорының қолдауымен «Қазақстандағы туберкулезді тоқтату» жобасын әзірлеп шығарды.

Жоба аясында Алматы облысының тоғыз ауданының арасында туберкулезге қарсы күресетін мекемелердегі туберкулез ауруына шалдыққандарды компьютерлік жүйе бойынша бақылау кешені құрылды. Сонымен қатар, жобаны іске асыруда Алматы облысы бойынша үш пенитенциарлы мекемелер қосылған (ол жерлерде туберкулезге қарсы терапия жүргізіледі). Кез келген пациент туралы ақпараттардың кері байланысын қамтамасыз етіп отырған пункттер енді туберкулез ауруына шалдыққандардың мекен-жайының ауысуына байланысты да мониторинг жасай алады, яғни, жаңа мекен-жайына оның ауруына байланысты қандай препараттар, емдеу алғаны жайлы жергілікті медицина қызметкеріне ақпараттарды уақытында жеткізу.

Қазақстандықтардың денсаулығы – еліміздің дамуының кепілі. Бұл мәселенің маңыздылығын түсіне келе, бұл жобаны Ержан Тәтішев Қорының атынан қаржыландыру керектігі шешілді. Қазіргі таңда пилоттық аймақ ретінде Алматы облысы таңдалынып алынды, бірақ та болашақта Қазақстанның барлық аймақтарын қамту көзделініп отыр.



Грантқа ие болу мақсатында ұйымдастырылатын байқауға қатысу жөнінде толығырақ ақпараттар Қордың вебсайтында жарияланған. Ол жерден қаржыландыру бойынша өтінім формасын алуға болды. Өткен жылы Қор үкіметтік емес ұйымдардан жүзге тарта өтінімдерді қабылдады.

2007 жылы 8 918 462 теңге көлемінде жобалар қаржыландырылды

1. «Көз және қозғалмалы функциялары бұзылған балаларға арналған №123 – түзетуші бала-бақша» мемлекеттік мекеме. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған реабилитациялық кешенді құрал-жабдықтар алынды.
2. «Балдәурен» – қозғалмалы аппараттары бұзылған балаларға арналған №2 арнайы мектеп. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған реабилитациялық кешенді құрал- жабдықтар алынды.
3. «Кеңес» қоғамдық бірлестігі. «Ерекше дамуындағы балаларға арналған таза орта» жобасы. Бұл орталық техникалық құрал-жабдықтармен жабдықты.
4. «Джуниор Эчивмент Казахстан» қоғамдық қоры. Қазақстан және Қырғызстанның мектеп оқушылары арасында «Кәсіпкерлік технологиясы: табысқа жетудің алғашқы сатысы» тақырыбында байқауды ұйымдастыру, тренинг өткізуді қаржылай қолдау.
5. «ҚР фтизиатрлар Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі. Туберкулез ауруына шалдыққандарға мониторинг жүргізу жүйесін дамыту бойынша «Қазақстандағы туберкулезді тоқтату» жобасы.
6. «Әлемдік Қазақтар Ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі. Қазақ киносының классика туындылары шыққан фильмдер жинағы берілді.
7. «Өз қолыңмен бақытынды жаса» қоғамдық қоры. Көзі нашар көретін адамдарға арналған оқу сыныбын ұйымдастыруға арналған компьютерлер берілді.
8. «Отражение» қоғамдық қоры. «Барлығына арналған экологиялық театр» жобасы. Халыққа экологиялық ағартушылық бойынша жобаны жүзеге асыруға арналған қаржы берілді.
9. «ҚМЭБИ ақыл – ойдық дебаттық клубы». Студенттер арасында «Қазақстан Республикасындағы бизнесті және экономиканы дамыту» тақырыбында студенттер арасында қалалық дебаттық турнирі қаржыландырылды.
10. «Бірлестік» қоғамдық қоры. ШҚО Қайнар ауылы Сапарғали Бегалин атындағы мектепті сумен қамтамасыз ету жобасын жүзеге асыруға қаржы берілді.

Дәрістер мен семинарлар

Қазақстан – қаржылай жүйенің және нарықтық экономиканың қарқынды дамып қалыптасып келе жатқан жас мемлекеттің бірі болып табылады. Қазақстанның кәсіби қауымдастығының әлемдік экономикалық жүйесіне интеграциясы, жаңа инновацияларды, технологияны, әдіс-тәсілдерді меңгерусіз дамуы мүмкін еместігі бәріне мәлім. Осы мақсатта Қор Алматы қаласында қаржы және экономика саласында әлемдік деңгейлердегі атақты профессорларының – Чарльз Гудхарттың, Эндрю Муллиньюдің дәріс циклыларын өткізуді ұйымдастырды. Бұл дәрістерге жалпы 500-ден астам еліміздің қаржы мекемесінің, инвестиционды және сақтандыру компаниялардың жетекші мамандары, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары қатысты.

2007 жылы 5-7 наурызда профессор Чарльз Гудхарт «Орталық банктің ролі», «Валюттық одақ: Евразияның кейбір сабақтары», «Монетарлы саясат бойынша комитеттің ролі және инфляцияға қарсы күрес Бағдарламасын қабылдау тарихы» тақырыптарында дәрістер оқыды.




Бирмингем бизнес мектебінің профессоры Эндрю Муллинью 2007 жылдың 6-7 маусымында «ЕО елдеріндегі жеке тұлғаларға арналған банктік қызмет көрсету нарығын құру», «Банкті корпоративті басқару», «Корпоративті басқару және қаржылай конвергенция секторы, жаһандану» тақырыптарында дәрістер оқыды.

Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы қаржы – экономикалық мамандықтарындағы оқытушылар мен студенттер, сонымен қатар мемлекеттік және жеке мекемелерінің қызметкерлері қаржы секторының конвергенциялары және банкті корпоративті басқару, банктік қызмет көрсету саласындағы әлемдік тәжірибелерімен танысуға мүмкіндіктері болды.

Қаржылай шығындар құрылымы


(2007 жылдың 31-ші қаңтарында қор бюджетіне жалпы 208 347 341 теңге түсті)

2007 жылғы шығындар құрылымы



- Бағдарламалық шығындар
- Әкімшілік шығындар

2007 жылғы бағдарламалық шығындар



- Білім беру гранттары
- Дәрістер, семинарлар
- Қайырымдылық жобалар
- Ақпараттық қолдау
- Басқа да жобалар

Ержан Тәтішев Қорының стипендиаттары (2007-2001 оқу жылдары)

АХМЕТЖАНОВ ЖӘЛЕЛ

Жәлел 17 жаста, ол Қарағанды қаласында ата-анасымен және інісімен тұрады, ол Алтын белгімен Қазақ-Түрік лицейін тәмамдады. Анасы Қарағанды мемлекеттік университетте жұмыс жасайды, әкесі – жұмыссыз. Жәлел өз мектебінің пікірсайыс командасының капитаны болған, пікірсайыстарға ағылшын тілінде қатысқан, сондай-ақ ол түрік тілін жақсы біледі, спортпен шұғылданады, қолданбалы математика бойынша ғылыми жұмыстарды жазады.

Екінші турдың қорытындысы бойынша: «айқын көрінетін көшбасшылық қасиеттері бар адам, ол екінші тур барысында байқауға қатысушылар тобында өте танымал болды. Жәлел қатысушылардың өз рейтингі бойынша (іріктеудің басқа қатысушыларының оған берген дауыс саны бойынша) көшбасшылар тобына кірді. Оның бойында күрделі жағдайларда шешім қабылдаудың үздік машықтары бар. Туындаған жағдайларда жақсы бағдарланады, тыңдай әрі ести біледі, өз жұмысын да, өзгелердің жұмысын да ұйымдастыра алады.



ШӘКЕНОВА ЭЛЬМИРА

Эльмира Орал қаласында бір бөлмелі квартиrada анасымен бірге тұрады (жеке меншікке алынған жатақханада), Анасы судмедэксперт болып қызмет атқарады. Эльмира өте мақсаткер адам, 9 сыныпта оқушылар арасында білім алмасу бойынша FLEX бағдарламасын ұтып алды және бір оқу жылын АҚШ-та оқыды. Эльмирада патриоттық сезімдері айқын байқалады, өзінің эссесінде жазғандай, ол сезім АҚШ-тағы бір жыл өмірінен соң тереңдей әрі күшейе түскен. Байсалды және күшті мінезімен ерекшеленетін көшбасшылық қасиеттерімен, оның командада жұмыс істеудің үздік дағдыларымен, тыңдай және ести білу қасиетімен, жоғары коммуникативтігімен, жауапты шешімдерді қабылдау қабілетімен, жарқын жеке қасиеттерімен ол Қордың стипендиясын алуға ең мықты үміткерлердің бірі болды.





ЖҮСІПОВ РАШИД

Рашид Қарағанды облысының Теміртау қаласынан. Ол өте белсенді, жұмыс қабілеті жоғары адам. Оның көшбасшылық, коммуникативтік қасиеттері айқын байқалған. Оның креативті қасиеттері аналитикалық қабілеттерімен басым. Топтың таңуымен – қатысушылардың өз рейтингі бойынша (іріктеудің басқа қатысушыларымен оған берілген дауыс саны бойынша) көшбасшылар тобына кірді. Рашид бір жыл Гавайда (АҚШ) тұрды және оқыды, ол онда оқушылар алмасу бойынша FLEX бағдарламасы бойынша байқауды жеңіп алып барған еді. Рашидке 2 жыл болған кезде ол әкесінен айырылады. Анасы бухгалтер болып жұмыс істейді.

«Екінші турдың сынынан өту әртүрлі сипатта болды. Біз көп ойландық, секірдік, өз ойымызды ортаға салдық, күлдік. Маған балалық шағымда бір өлеңді есіме түсіру керек болды. Мен бұл күні журналисте, дизайнерде, әртісте, әншіде, тіпті брокерде болдым.... Маған топта жұмыс жасаған қатты ұнады. Соңында бірге сыннан өткен адамдармен қоштасуға тура келді. Көбісімен мен топпен жұмыс кезінде жақсы танысқан едім. Мен стрессілік жағдайда кімнің қандай жағдайда болатынын көрдім. Сонымен қатар мен өзімді таныдым...»

Жүсіпов Рашид, Ержан Тәтішев Қорының стипендиаты



БУТИНА САБИНА

Сабина Алматы облысының Алмалыбақ кентінде анасымен және бауырымен тұрады. Ол мектепті Алтын белгімен бітірді. Оның шешімдерді қабылдауда айқын көрінетін дағдысы бар (проблемалық жағдайларды ақылмен ойластыру), таныстырулардың өте жақсы дағдылары (орындаушылық шеберлік талап етілетін шығармашылық байқаулардағы ең көрнекті сөйлеулері), креативтік қасиеттері, командада жұмыс істеудің жақсы дағдылары бар.

Көшбасшылық қасиеттері орташа деңгейде, командамен жұмыс жасау дағдылары жақсы дамыған. Топта өз мойындауына жетті – қатысушылардың өз рейтингтері бойынша көшбасшылық топтарының құрамына кіреді (ол үшін басқа қатысушылардың берген дауыстары бойынша).

ДАВЛИДОВА ӘМИНА

Амина мектепті Алматы қаласында Алтын белгімен бітірді. Ол анасымен және студент әпкесімен бірге тұрады. Ол музыкамен, суға жүзумен айналысады, волонтерлік қозғалысқа қатысады. Амина алға қойылған мақсаттарына әрдайым қол жеткізіп отырады – ол өз алдына мектепті алтын медальмен бітіру мақсатын қойды және өзінің дегеніне жетті. Енді ол өз алдына жоғары білікті маман болу мақсатын қойып отыр және де ол алғашқы қадамын жасап та қойды – ҚМЭБИ-ке түсті және Ержан Тәтішев Қорының білім грантын ұтып алды. Аминаның сез сөйлеу, креативті дағдылары жоғары, белсенді, көшбасшылық дағдылары айқын, командалық сезімі жоғары.

«Жеңіске жету жолындағы қиындықтарға қарағанда жеңістің өзі қандай тәтті екендігі барлығына мәлім. Бүгін мен «Алтын белгіні» иемденуші, Ержан Тәтішев Қорының стипендиаты, ең үздік жоғары оқу орнының студентімін. Мен үшін бұл үлкен жеңіс, бірақ та сол жеңіске жетуде қаншама қиындықтарды өткердім...»

Давлидова Әмина, Ержан Тәтішев Қорының стипендиаты



БЕЛХОДЖАЕВ НҰРСҰЛТАН

Ол анасымен бірге Алматыда тұрады. Нұрсұлтан – өте мақсаткер адам. Ол өз анасына көмектесу үшін жастайынан жұмыс істеген. Нұрсұлтан өзінің еңбек жолын ықшамаудандарда тегін газеттерді таратушыдан бастаған, ал 15 жасынан бастап және осы уақытқа дейін «National Business» журналында жұмыс істейді, ол жерде курьер болып жұмыс бастаған, қазіргі кезде курьерлердің үйлестірушісі болып жұмыс істейді, сондай-ақ мәліметтер базасының әкімшісі жұмысын басқарады. Ол жұмыс істейтін журнал іскерлік болғандықтан, Нұрсұлтанды экономикалық және іскерлік жаңалықтар қызықтырып, талдау материалдарын оқи бастады, нәтижесінде ол өзінің алғашқы мақалаларын жаза бастады. Нұрсұлтан экономикалық білім алуды және өз журналына бизнесталдаушы болып оралуды армандайды. Нұрсұлтанда ақыл ой және эрудиция өте жоғары деңгейде дамыған. Байқауда жақсы нәтиже көрсеткен, көшбасшылық қасиеттері анық көрінген, командада жақсы ойыншы болып атылады. Командада аналитик ролін сомдаған.





Қордың Қызметкерлері

Айтмағамбетов Марат	Президент
Жарикова Дана	Бағдарламалық директоры
Қалиев Асқар	Бағдарламалық үйлестіруші
Жазықбекова Тоқтархан	Офис менеджер

Қордың Қамқоршылық Кеңесі

- Тәтішев Ерлан Нұрілдәйімұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің Төрағасы
- Әблязов Мұхтар Қабылұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі
- Тәтішев Еркін Нұрілдәйімұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі
- Домбай Қуат Есімғалиұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің сарапшы мүшесі
- Әуезов Мұрат Мұзтарұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің құрметті мүшесі
- Бисенғалиев Марат Саметұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің құрметті мүшесі
- Байтасов Арманжан Мерекеұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің құрметті мүшесі
- Қаныбеков Нұрлан Әсембекұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің құрметті мүшесі
- Келімбетов Қайрат Нематұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің құрметті мүшесі
- Мәжібаев Қайрат Қаунышбайұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің құрметті мүшесі
- Смағұлов Нұрлан Еркебұланұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің құрметті мүшесі
- Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің құрметті мүшесі
- Шарманов Төрегелді Шарманұлы** –
Қамқоршылық Кеңесінің құрметті мүшесі





Ержан Тәтішев Қоры
Жолдасбеков көшесі 97, Блок А2, 2 қабат
050051, Алматы қаласы
Қазақстан Республикасы
Тел./Факс: + 7 727 266 34 94
Эл.пошта: foundation@bta.kz
www.tatishevfoundation.kz

Yerzhan Tatishev Foundation
97, Joldasbekov str., 2 block, 2 floor
050051, Almaty, Kazakhstan
Tel./Fax: + 7 727 266 34 94
E-mail: foundation@bta.kz
www.tatishevfoundation.com

Фонд Ержана Татишева
ул. Жолдасбекова, 97, блок 2, 2 этаж
050051, Алматы, Казахстан
Тел./Факс: + 7 727 266 34 94
Эл.почта: foundation@bta.kz
www.tatishevfoundation.kz